6+

# Magjan juldyzy

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 40 (787) 5 қазан 2023 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ҮКІМЕТ

***Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысында «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі шаралар қаралды.***

## «КЕЛЕШЕК» – БІЛІМ ИНВЕСТИЦИЯСЫ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бала туу көрсеткішінің көбеюіне байланысты болашақта білім беру жүйесіне түсетін жүктеменің едәуір артатынын атап өтті. Бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысы мектеп түлектерінің 40%-дан астамын грантпен қамтуға мүмкіндік береді. Алайда қолданыстағы тәсілдер сақталса, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 15%-ға дейін қысқарады. Бұл ретте министрлік 2020 жылдан бастап жыл сайын гранттар санын орта есеппен 10%-ға ұлғайтады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының Жолдауын орындау аясында азаматтарға жоғары білімді қолжетімді етудің қосымша тетігі ретінде қолданыстағы қолдау шараларын біріктіретін «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін әзірлеу басталды.

Аталған жүйе шеңберінде балаға арнайы шот ашуға болады, оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде (5 жастағы балаларға) білім алуға бастапқы капитал салады. Бұдан әрі оған ата-аналардың ерікті жарналары, 5-7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақталады. Осылайша, айына 1 АЕК (3 450 теңге) мөлшеріндегі ең төменгі жарна салынып отырса, бала 18 жасқа толғанда шотында 3,3 млн теңгеден астам қаражат жиналмақ. Тиісінше, ата-аналардың ерікті жарналары мысалы, айына 3 АЕК-ке дейін көбейсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинақтау мүмкіндігі болады.

Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың қосымша шаралары көзделеді, әсіресе өзгерістер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты болады. Сондай-ақ ақшаның құнсыздануынан қорғау құралдары қарастырылған.

Бұған қоса Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы аясында қаражат жинақталады, бұл кейіннен қаражатты бір жерге шоғырландыруға, таңдаған ЖОО-ға оқу ақысын төлеуге мүмкіндік береді.

Оқушылар ҰБТ тапсыру қорытындысы бойынша үміткер бола алатын мемлекеттік білім беру гранттарын бекіту жүйесі сақталатыны атап өтілді. «Келешек» жүйесі азаматтарды қолдаудың қосымша тетігі болмақ. Бұл ретте талапкер грантқа түскен жағдайда, шотында жинақталған қаражатты тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады.

Министр жүйені құру аясында барлық жинақтау үдерісін цифрландыру, толығымен ашықтықты қамтамасыз ету және тиісті модульді екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына интеграциялау көзделіп отырғанын атап өтті.

Жоспарланған іске асыру тетіктері туралы «Қаржы орталығы» АҚ басқарма төрағасы Асқар Ибраимов айтып берді. Тақырып бойынша Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова түсініктеме берді.

Премьер-министр «Келешек» ерікті жинақтау жүйесін енгізу мәселесі еліміздегі отбасылардың барлығына қатысты екенін атап өтті.

«Жүйеде мемлекеттен берілетін бастапқы капитал, ата-аналардың ерікті салымдары, инвестициялық кіріс және мемлекеттік сыйақы қарастырылған. Осылайша, жеңілдетілген білім беру несиелерінің интеграциясын ескере отырып, «Келешек» бірыңғай ортақ жинақтау жүйесінде мемлекеттік қолдау шаралары шоғырландырылады. Оқуға түскенше жинақталған қаражат жоғары білімді неғұрлым қолжетімді етуге мүмкіндік береді», деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы атап өткендей, елдің әл-ауқаты мен бәсекеге қабілеттілігі халықтың білім деңгейіне тікелей байланысты. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, экономика өсімінің 16%-ы физикалық капиталға, 20%-ы табиғи капиталға, қалған 64%-ы адами және әлеуметтік капиталға байланысты.

Үкімет басшысы мемлекет бұған дейін де жастарға жоғары білім алуға жан-жақты қолдау көрсеткенін атап өтті. Мәселен, кейінгі 6 жылда университеттерде оқуға арналған гранттар саны іс жүзінде 2 есе өсті.

«Биыл 73 мыңнан астам грант (бакалавриат) бөлінді, 2017 жылы бөлінген грант саны 38 мыңнан астам болған. Сондай-ақ үш жыл ішінде бір білім алушыға жұмсалатын қаражат көлемі 2019 жылғы 420 мың теңгеден 2023 жылғы млн теңгеге дейін екі есе өсті», деді Үкімет басшысы.

Сонымен қатар 2019 жылдан 2022 жылға дейін туу көрсеткішінің өсуін ескере отырып, 2040 жылға қарай 18 жастағы азаматтар саны айтарлықтай өседі деп күтілуде. Бұл ретте грант санын арттыру олардың көбін жоғары біліммен қамтуға мүмкіндік бермейді.

«Келешек» осы мәселелерді шешуге көмектесуі керек. Білім берудің қолжетімділігі мен сапасы ресурстарды шоғырландыру және мемлекет, бизнес, оқу орындары мен азаматтар арасында жауапкершілікті бөлу есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл бірінші мамандықты алғанға дейін балаларды толық қолдауға мүмкіндік береді», деді Әлихан Смайылов.

Премьер-министр «Келешек» жүйесін келесі жылы енгізу қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты ұсынылып отырған шараларды кеңінен талқылап, жүйенің әрекет ету тетігін жан-жақты пысықтау талап етіледі.

«Бұл тек министрлік үшін емес, сондай-ақ халық пен барлық қатысушы үшін қарапайым әрі түсінікті болуы керек», деп түйіндеді Үкімет басшысы.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ - ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

**1 қазан - Халықаралық Қарттар күні аудан әкімі Қайрат Омаров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов және Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай еңбек етіп, Отанына қажырлы еңбегімен және мінсіз қызметімен жалпыға бірдей құрметке лайық болған тыл еңбеккері Алимпиада Мацкевичті мерекемен құттықтады.**



«Соғыс ардагері» естелік белгісімен және төрт медальмен марапатталған Алимпиада Гавриловна 1926 жылы дүниеге келген. Жастық шағы Ұлы Отан соғысына дөл келген кейіпкеріміз Петропавл қаласындағы Киров атындағы зауытта электрик болып жұмыс істеді, тіпті, басқаларды да өз кәсібіне үйреткен. Ол шәкірттерінің бірі Михаил Брыкановқа тұрмысқа шығып, 1960 жылы Булаев ауданының Гаврино ауылына көшіп келіп, зейнетке шыққанша ток шаруашылығының меңгерушісі болып жұмыс істейді. Қазір Алимпиада Гавриловна - 97 жаста. Ол Булаев қаласында немересі Н.В. Госинаның отбасында тұрады. Оның 2 немересі, 6 шөбересі және 3 шөпшегі бар. Ол жақындарының сүйіспеншілігі мен қамқорлығына бөленген жан.

Меймандар қарияны мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін арнап, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтарын табыс етті.

## 5 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

***Биыл алғаш рет Қазақстанда ұстаздардың кәсіби мерекесі - 5 қазанда аталып өтіледі. Бұл датаны мерекелеу Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендіріліп отыр. Осыған орай, аудандық Мәдениет үйінде ұстаздар қауымын құрметтеуге арналған салтанатты шара өтіп, оған арнайы аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов қатысты.***

Алдымен әсем безендірілген сахнада үлкен LED экраннан мерекелік бейне құттықтаулар көрсетіліп, мағжандықтар ұстаздар қауымына ізгі тілектерін арнады. Оқушылар сүйікті мұғалімдеріне әннен шашу шашып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сахна төріне шығып, ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтаған Азамат Сайранұлы аудан әкімі Қайрат Омаровтың игі тілегін жеткізді.

- Осы керемет мерекеде мен әрқайсыңызға ризашылық сезімімен және құрметпен жүгінгім келеді.

Мұғалім тек мамандық емес, бұл тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар балаларға деген сүйіспеншілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген құштарлықты қажет ететін кәсіп.

Құрметті ұстаздар!

Осы тамаша күні Сіздерге шыдамдылық пен кәсібилік үшін алғыс білдіремін, зор денсаулық, күш-қуат, сәттілік тілеймін!

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Көп жылғы еңбектеріңіз үшін рахмет, - деп аудан әкімінің орынбасары марапаттау рәсіміне көшті.

Салтанатты мерекеде мағжандық ұстаздар білім беру жүйесіндегі көп жылдық және адал еңбегі үшін ҚР Оқу ағарту министірінің Алғыс хатымен, білім беру қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағының белгісімен, облыстық білім басқармасының және аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Іс-шара одан әрі концерттік бағдарламамен ұласып, ауданның көркемөнерпаздарымен қатар, дарынды ұстаздар мен оқушылар да өнер көрсетіп, мерекенің сәнін келтірді.



Қазақ мектебінің болашағы туралы Алаш қайраткері, педагог, ақын Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты», – деп дөп басып айтқан болатын. Тәуелсіз қазақ елінің тарихи – әлеуметтік, мәдени, рухани болмысын дамытуда ұстаздардың еңбегі зор. Мұғалім – ол қоғамның тамыршысы, бағыт-бағдар беруші тұлғасы. Ал мектеп – ұлт рухын тербеп тұрған киелі бесік. Отбасы мен мектептен алған тәрбие мен тағылым әр адамның өміріне берілген ең алғашқы жолдама іспеттес.

Осындайдан Алаштың күн келбетті ақыны Мағжан атамыздың «Алты Алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деген сөзі ойға оралады. Сауат аштырып, хат танытқан, сыртқы пайым мен ішкі парасатты үйлестіріп бере білген ұлағатты ұстазға талайлардың бас иіп, төрден орын беруі – құптарлық іс. Біз бүгінде мұғалім мен ұстаз атына сол сөз биігінен қарауымыз керек.

**Қанат ӨТЕМҰРАТОВ, суреттерді түсірген автор.**

# МАҒЖАНДЫҚ ЖАСТАР - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ



**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту мақсатында Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Жас Отан» корпоративтік қоры ауданның мемлекеттік қызметшілері арасында ағымдағы жылдың қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақалалар конкурсын ұйымдастырды.**

29 қыркүйекте байқаудың қорытындысы шығып, құзыретті қазылар алқасының шешімімен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тұрғын үй мәселелері жөніндегі бас маманы Дамир Қуандықұлы Исабаев жеңімпаз атанды. Оның жұмысы барлық қатысушылар арасында ең жақсы шығармашылық жұмыс деп танылды.

Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік қызметшілері осындай іс-шараларға белсенді қатысып, қоғамды жақсартуға ұмтылып, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзбеушілікпен қарайтыны қуантады!

Сондай-ақ бұл күні «Жас Отан» корпоративтік қоры» қоғамдық қоры Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тапсырысы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында колледж студенттері, жастар және ауданның мемлекеттік қызметшілері арасында «Quiz» зияткерлік ойынын өткізді.

Жобаның басты мақсаты - Қазақстан Республикасында Мағжан Жұмабаев ауданының жастары арасында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау, қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл проблемасына азаматтардың назарын аудару болып табылады.






# ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ - ТИІМДІ БАҒЫТ

***Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні анық.***




Сондықтан Мағжан Жұмабаев ауданында тұрақты негізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Ауданның ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен келісілген және сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда іс-қимыл тәртібін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікті, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс туралы хабарлаған адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы мөлшерін түсіндіретін 150 дана ақпараттық брошюралар әзірледі.

Сәуір және маусым айларында халық арасында, адамдар көп жиналатын жерлерде тарату материалдарын тарату жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың 5 сәуірінде діни бірлестіктер, ҮЕҰ, ауданның этномәдени орталықтары және кәсіптік даярлау және сервис колледжі әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Халықты ақпараттандыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік мақсатында 12 мамырда аудандық ауруханада және жастар ресурстық орталығында «Ашық есік күні» акциясы өткізілді.

23 мамырда «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті. Акция жұмысына 8 сарапшы қатысып, 30 азамат кеңес алды.

Сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлық тізбегін бұз!» баннерінің эскизі әзірленіп, бекітілді, аудан аумағында осы тақырып бойынша барлығы екі билборд орналастырылды. Аудан тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүйелі негізде жүргізіледі.

Аудан халқы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында «Мағжан жұлдызы» және «Вести» басылымдарының, әлеуметтік желілердегі топтардың ресурстары пайдаланылады.

Аудандық «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта және мемлекеттік қызмет тақырыбында барлығы 32 мақала жарияланды.

Қыркүйек айында «Халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат іс-шараларын өткізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділікті» қалыптастыру» жобасы іске асырылуда.

Жоба аясында ауданның мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта мақалалар конкурсы өткізіледі. Сондай-ақ, жоба аясында аудан жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «QUIZ» зияткерлік ойыны өткізілді.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік халахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

**Қайрат ОМАРОВ,**
**аудан әкімі.**

# ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ





**29 қыркүйек күні аудандық Мәдениет үйінде облыстық полиция департаменті басшысының орынбасары Еңбек Сембин мағжандық ұстаздармен және оқушылармен кездесті. Аталмыш іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Бахтияр Есімов, білім бөлімінің қызметкерлері, колледж және мектеп директорлары, ұстаздар қауымы, студенттер мен жоғары сынып оқушылары қатысты.**

Кездесуді ашып, жүргізіп отырған Азамат Сайранұлы Мемлекет басшысы алдын алу шараларын қабылдауға баса назар аудара отырып, сондай-ақ есірткіге қарсы қызметтің барлық аспектілері бойынша нақты және мақсатты іс-шараларды іске асыруды көздейтін нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданғанын атап өтті.

- Бүгін біздің ауданға жұмыс сапарымен Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаменті бастығының орынбасары арнайы келіп, біздің кездесуіміз қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне арналады, - деді аудан әкімінің орынбасары.

Балалардың әл-ауқаты - ел саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатынын айтқан Еңбек Ғаббасұлы кездесу қатысушыларын қазіргі интернет алаяқтық дамыған кезде аса мұқият болуға шақырды.

- Біріншіден, жолдардағы қауіпсіздік мәселесіне тоқталғым келеді, өйткені біздің қалалар мен ауылдардың көшелерінде көлік ағыны жыл сайын артып келеді.

Бүгін әр мектептің жанында Сіздер жылдамдықты шектейтін жол белгілерін, жаяу жүргіншілер өткелдерін, жасанды тегіссіздіктерді көре аласыздар.

Тұрақты негізде мұғалімдер мен полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша оқыту сабақтары-дәрістер өткізеді.

Алайда, балалардың немқұрайлылығы мен мұқият болмауына байланысты, ағымдағы жылы облыс жолдарында 4 кәмелетке толмағандар қаза тауып, 64 адам жарақат алды.

Сондықтан мен Сіздерді жол ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Ережелерді өзіңіз ғана емес, балаларға да үйретуіңіз керек.

Бүгінгі таңда көлік ағынының артуына байланысты жолдарда кең таралған электр самокаттар мен скутерлер қауіпті болып табылады.

Егер статистика туралы айтатын болсақ, ағымдағы жылы Петропавлдағы бір кәмелетке толмаған самокатпен дене жарақатын алды.

Сондықтан қазір заң қабылданды, енді «электр самокаттар» және «шағын электр көліктері» - гироскутерлер, сигвейлер, монодоңғалақтар, электр скейтбордтар және т.б. – бұл көлік құралдары болып есептеледі.

Оларды қауіпсіз пайдалану бойынша талаптар бекітілді, - деді полиция департаменті бастығының орынбасары.

Сондай-ақ ол өзінің баяндамасында оқушылардың интернетте немесе көшеде бөгде адамдармен таныспауға, қарым-қатынас орнатпауға, қауіпті жағдай туындағанда «102» нөміріне хабарласуға, буллингке қарсы қарсы болуға, бір-бірін сыйлауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге шақырды.

Баяндаушы жастарға нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы тұруға үгіттеп, олардың ауына түспеу үшін жақындарды тыңдау қажеттігін ескерді. Кездесуде қазіргі замандағы құмар ойындардан да абай болу керектігі айтылып, осы аталған барлық заңсыз әрекеттер бойынша қылмыстық жауапкершілік барын тілге тиек етті.

Сөз соңында Еңбек Ғаббасұлы кездесуге қатысушылар сұрақтарына жауап беріп, түлектерді ішкі істер органдарына қызметке келуге шақырды.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

ҚАРИЯЛАР МЕН МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫ



## МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қалыптасқан дәстүр бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы Айзада Рахметова еңбек ардагері Любовь Анатольевна Галкинаны Қариялар мерекесімен құттықтады және зейнеткерге денсаулық, игілік, қуанышқа толы ұзақ өмір тіледі.

Любовь Анатольевна 1955 жылы 6 наурызда Булаев ауданы Калинин кеңшарының Надежка ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Покровка ауылындағы ауылшаруашылық техникумына түсіп, зоотехник мамандығын алды. Оқуды бітіргеннен кейін Сергеев ауданына барып, он алты жыл зоотехник болып жұмыс істеді. Кейін Булаев ауданының Зарослое ауылына көшіп, он бір жыл балабақша меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қазір зейнеткерлік демалыста, Булаев қаласында тұрады.

## ШЕКАРАШЫЛАР ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАДЫ



1 қазан - Халықаралық қарттар күні. Бұл күн ризашылық білдіріп қана қоймай, аға буын өкілдеріне қамқорлық жасауға жақсы себеп. Осыған байланысты Қарақоға ауылында орналасқан Баян Батыр шекара бөлімшесінің жеке құрамы зейнеткерлерді мерекемен құттықтап қайтты.

Қариялардың үйлеріне барып, тыныс-тіршілігімен танысқан шекарашылар дәстүрге сай ізгі тілектерін арнап, азық-түлік пакеттерін табыстады. Сондай-ақ шекара шебін күзетіп жүрген қызметкерлер жалғызбасты қарттардың ауласын абаттандырып, отын мен көмірлерін кіргізуге қолдау көрсетті.

Қариялар мен мүгедектерді қолдау айлығы барысында шекара бөлімшесінің жеке құрамы аға ұрпақ өкілдеріне көмек көрсетіп, қайырымдылық жасауды жалғастыратын болады. Осылайша, шекарашылар қарттарға құрмет көрсетіп, олардың өнегелі өмірі мен мол тәжірибесіне бас ию дәстүрін берік ұстануды мақсат тұтпақ.

**Әділхан БАУЫРЖАН,**
**«Баян Батыр» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, шекара лейтенанты.**

## БУЛАЕВТА «ҚАРЛЫҒАШ» ӘЙЕЛДЕР ТІГІН КЛУБЫ АШЫЛДЫ

***29 қыркүйек күні Булаев қаласында Зарина Рашидовна Черняеваның жетекшілігімен «Қарлығаш» әйелдер тігін клубы атты жобаның салтанатты ашылуы өтті. Ашылу рәсімі Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен Мағжан Жұмабаев ауданы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының қолдауымен өтті.***

Клубтың ашылуына ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Елена Семидоцких, Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты бөлімінің бас инспекторы Елена Ереженова, СҚО ҚХА қайырымдылық клубының төрағасы Алла Писаренко, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Gera» агенттігі Авторлық құқықтың коммерциялық директоры Юлия Родионова, «ДЛ - Текстиль» компаниясының директоры Лариса Доркина, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, Мағжан Жұмабаев ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова, Булаев қаласы әкімінің орынбасары Тимур Райымбеков, «Мақсат» қазақ этномәдени орталығының басшысы Мейрам Рыспаев, «Аманат» тобының ұжымы, аудандық аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

Жоба Мағжан Жұмабаев ауданының белсенді әйелдеріне бағытталған және мүдделі әйелдер мен көп балалы аналарды тігін ісі және дизайн өнерінің негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді. Әйелдер клубы жергілікті тұрғындардың әлеуеті мен даму деңгейін, сондай-ақ ауданда жеңіл өнеркәсіптің танымалдығын арттырады.

- «Қарлығаш» әйелдер клубының басты мақсаттарының бірі - Құрақ көрпе ұлттық қолөнерді және ұлттық киімдерді дамыту болып табылады. Жоғарыда аталған әйелдер санатымен қатар, біз жұмыс істейтін әйелдерді де ақылы негізде тігін ісіне үйретеміз. Сондай-ақ «Nomad» ұлттық сән театрын іске қосып, 6 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдерді тігуге, сән көрсетуге, актерлік шеберлікке, жалпы өскелең ұрпақты жан-жақты, білімді, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуге жағдай жасайтын боламыз. Үш топ құрылады және сабақтар аптасына үш рет ұйымдастырылады, - дейді клуб жетекшісі Зарина Черняева.

Іс-шара қонақтары жобаға қатысушыларға күш-қуат пен жаңа ұмтылыстар тілеп, клубтағы әр қатысушы өзінің талантын ашып, сұлулықты жасау үшін қажетті дағдыларды игертетін шабыт орнына айналсын деген ізгі тілектерін арнады.




## МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



30 қыркүйек күні Булаев қаласында Халықаралық қарттар күніне арналған ауылшаруашылық жәрмеңкесі болып өтті.

Ауылдық округтер ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен бірлесіп жәрмеңкеге 100 тоннадан астам өнім әкелді. Қалалықтар үшін сүт және ет өнімдері, жарма, көкөністер, шөп, сабан, астық жемі ұсынылды. Көкөніс өнімдерін «Золотарев» ЖК, құс етін «Смағұлов» ЖК, әйгілі «Булаев» майы және сүт өнімдерін – «Пальчик» ЖК сөреге қойды. Жергілікті тұрғындар өздерінің артық өнімдерін (тұздалған көкөністерін) сатты.

Жәрмеңкеде Петропавл қаласының «Солтүстік» ӘКК өнімі де сатылды. Тұрақтандыру қорынан жеті тоннаға жуық өнім әкелінді, соның ішінде макарон, күріш, ұн, қарақұмық, қырыққабат, тұз, күнбағыс майы. Жәрмеңке қонақтары азық-түлікті төмендетілген бағамен сатып алуға мүмкіндік алып, тұрақтандыру қорының өнімдері бірнеше сағат ішінде сатылып кетті. Жергілікті өндірушілердің ұны да ерекше сұранысқа ие болғанын атап өткен жөн.

Жәрмеңкеде аудан тұрғындарының көңіл-күйін көтеру үшін аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары әннен шашу шашса, зейнеткерлер «Күз сыйы» атты көкөністер мен жемістер көрмесін ұйымдастырды.



5 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

# МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

**Білімнің шамшырағын жағып, нәрімен сусындатқан мектепті халық қашанда қадір тұтады. Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді, өнерлі азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Солардың бірі – Құралай ауылындағы білікті ұстаз, іскер басшы Жанар Нөгербекқызы Рысова басшылық ететін Қызыл Қазақстан орталау мектебі.**



Иә, ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, мектеп ауыл жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы болып табылады.

Қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған атаулы Қызыл Қазақстан орталау мектебінің педагогикалық ұжымы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынбай еңбек етіп келеді.

Мектеп тарихы ауыл тарихымен тығыз байланысты. Ауылда алғашқы білім ордасы 1924 жылы ашылып, оқушыларға 4-сыныптық білім берген. Ал 1944 жылы 7-жылдық мектеп болып қайта ұйымдастырылған екен. Деректерге көз жүгіртсек, 1944-45 жылдары алғашқы директор Өтебай Қамыспаев болған, 1945-53 жылдары Хамит Төлемісов, 1953-54 жылдары Қабдөш Қалиев, 1954-56 жылдары Кәрім Шаймерденов, 1956-70 жылдары Қасенбай Төлебаев, 1970-73 жылдары Қабдыл Жолаушинов, 1973-81 жылдары Жұматай Оразалин, 1981-1992 жылдары Айтмұқан Нұғыманов басқарған. Осы ретте, 1990 жылы Құралай ауылында жаңа мектептің құрылысы басталып, ол 1991 жылдың қаңтарында аяқталып, пайдалануға берілгенін атап өту керек. Жаңа білім ордасын Айтмұқан Нұғыманов қабылдап, 1992-98 жылдары Болат Данияров, 1998-99 жылдары Қаһарман Жетібаев, 1999-2012 жылдары Анар Темиркина жетекшілік етеді. Ал 2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Жанар Рысова басқарып келеді.

Еліміздің ертеңі, тәуелсіздігіміздің тұғыры, егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Қоғамда болып жатқан қарқынды әлеуметтік қозғалыстар білім саласына да тың өзгерулер мен жаңарулардың бастамасын қажет етуде. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев Қазақстан халқына үндеуінде Ахмет Байтұрсыновтың «Мұғалім – мектептің жүрегі» сөзін мысалға келтіре отырып, «жақсы мұғалімдер керек...» тұжырымдамасы «сапалы білімнің тетігі – мұғалімде» екенін атап өтті. Сонымен қатар, сапалы білімге қолжетімділікті арттыру, педагогтерге жоғары кәсіби қажеттілік, мұғалімдер кадрларының тапшылығы бар өңірлерді қолдауда үздік педагогтерді тарту бойынша бағдарламалар дайындау міндеттері қойылды. Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу, дарындылығы мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру, сыни ойлауын қалыптастыру, олардың өзіне деген сенімін арттыру, яғни өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болу – мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы абыройлы борышы мен парызы.

Осы орайда, мектеп тынысына тоқталар болсақ, білім ордасында 14 мұғалім қызмет етеді, олардың 13-нде – жоғары, 1-нде арнайы орта білім бар. Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру барысында біліктілікті арттыру институтында ұйымдастырылып жатқан педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының ең басты мақсаты пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болса, міндеттері барысында оқыту мен тәрбиелеу процесінде жаңа педагогикалық технологияларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді оқып-үйренуге және қолдана алуды, педагогикалық процесті жоспарлауды қарастырады. Сондықтан осы мектептегі ұстаздар қауымы жыл сайын білімдерін жетілдіріп, біліктіліктерін арттырып отырады. Соның нәтижесінде қазір 1 – зерттеуші, 5 сарапшы және 3 модератор мұғалім бар, әзірге, жас маман болып келген 7 ұстаздың санаты жоқ. Бұл уақыт еншісінде.

Жанар Рысова, Ботагөз Шәріпова, Қанат Исеков, Лаура Сейдахметова, Тоты Иманбаева сынды тәжірибелі ұстаздар Гүлшат Сәрсімова, Алтынбек Нағметолла, Маржан Рысова, Ақнұр Жақсылықова, Гүлшодахан Манглибаева сияқты жас мұғалімдермен тәжірибе бөлісіп, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәлім-тәрбие беру ісіне баулуда. Өйткені бұл қалыптасқан игі дәстүр. Кезінде қазіргі білікті мұғалімдер, кешегі жас мамандар ауылдың Гагерман Жетібаев, Қорлан Молдыбаева, Үсейін Сәрсімов, Қайыржан Иманбаев, Майраш Мұхамеджанова, Тәжіден Ахмеджанов, Жұпар Жанкенова, Шолпан Оғызбаева, Үміт Шоғжанова, Айтмұқан Нұғыманов, Жәмила Жантемірова сынды ұлағатты ұстаздардың алдынан өтіп, тәжірибе жинап шыныққан. Осы орайда, медицина саласында 30 жылдан артық еңбек өтілі бар Айнагүл Нұрғалиеваның еңбегін де атап өткен жөн. Айнагүл Бекбергенқызы мектеп оқушыларының денсаулықтарын мұқият қадағалап, сапалы медициналық қызмет көрсетіп келеді.

Бүгінгі таңда жалпы оқушылардың саны – 23, шағын орталықта 9 бала тәрбиеленеді, ал даярлық тобында 5 бала бар. Ауылдағы демографиялық жағдай тұраты, жылына екі-үш нәресте дүниеге келеді. Дегенмен, солтүстік өңірлердегі ауыл мектептерінде бала санының азаюы өзекті мәселе екені белгілі. Сондықтан жұмыс күші мол өңірлерден көпбалалы отбасыларды солтүстікке көшіру бағдарламасы қолға алынғанына бірнеше жыл болды. Бұл үрдіс бүгінгі күні де жалғасын табуда.

- Әрине, мектепті сақтап қалу үшін оқушылар санын ұлғайту қажет. Дегенмен, біздің ауылда бұл мәселе жіті бақылауда. Ауылдық округтің әкімдігі, шаруа қожалықтары, ата-аналар комитеті, қазыналы қариялар ақыл-кеңестерімен қатар, қайырымдылық көмектерін көрсетуге әрқашан даяр. Бір сөзбен айтқанда, ел болып атсалысудамыз.

Мәселен, «ЖНВ» ЖШС Наурыз, Жаңа жыл, Қариялар күні, Балалар күні сияқты мерекелерде демеушілік жасап, оқушылар мен қарияларды қолдауды дәстүрге айналдырған. Мемлекет басшысы биылдан бастап 1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Ал біздің серіктестік жиырма жылдан бері мектептің барлық оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етіп келеді. Сондықтан мектеп ұжымы, ата-аналар және ауылдастар атынан шаруашылық басшысы Қанат Смағұлұлына айтар алғысымыз шексіз.

Білім ордасының материалдық-техникалық базасы балаларға білім беру үшін орташа деңгейде. Қазір мектепте 5 компьютер, 5 ноутбук, 4 интерактивті тақта бар. Спорт залы конькилермен, шаңғылармен, доптармен және тағы да басқа қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Тамаша жарақталған еңбек кабинеті де жұмыс істейді. Шағын орталық пен даярлық тобының кабинеттері де жаңартылды. Осылайша, оқушылардың еш аландаусыз білім алуына, спортпен шұғылдануға және еңбекке баулуға барлық жағдай жасалынып отыр.

Мектеп 9-жылдық болғандықтан біздің түлектер Қарақоға ауылында, Булаев немесе Петропавл қаласында оқуларын жалғастырып, бізден алған білімдерін ҰБТ дәлелдеп келеді. Жыл сайын олардың барлығы дерлік грантқа оқуға түсіп, бәрімізді қуантып келеді. Мәселен, биыл бітірген 5 оқушының 4-уі Мағжан Жұмабаев атындағы жоғарғы колледжге грантқа оқуға түссе, біреуі – Петропавл қаласындағы «Дарын» мектеп-лицейінде 10-шы сыныпта оқуын жалғастыруда. Жазғы демалыс кезінде біздің оқушылар «Аққайың» демалу лагерінде сауығып, Петропавл қаласының көрікті жерлерін аралап, саяхатқа барып келді, - дейді Қызыл Қазақстан орталау мектебінің директоры Жанар Рысова.

Елімізде ауыл жағдайында білім беру ісінде елеулі орын алатын ұстаздардың білімділігі мен біліктілігін шыңдауға жаңаша бет бұрылып отыр. Шынында да ұстаздардың жалпы білімін көтеру маңызды екені сөзсіз. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті. Сондықтан ауылдағы мектебіміздің білім берудегі нәтижеге жетудегі, мектеп басқару, сапалы білім беру үшін әрбір атқарылар істің жан-жақты ойластырылған, нақтыланған, үйлестірілген жұмыс жоспарымен тығыз байланысты. Қызыл Қазақстан орталау мектебінің педагогикалық ұжымы мектептің оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған, жеке тұлғаны тәрбиелеу бойынша тәрбие мен білімді ұштастырып, шығармашылықпен жұмыс істейді.

Мектепте барлық мұғалім өз мамандықтары бойынша сабақ береді және мұғалімдер білімдерін арттыру курсына барған, педагогикалық ұжым газет-журналдарға жазылып, әдістемелік журналдарда басылып шыққан жаңалықтарды оқып, жаңа әдістемелерді сабақта қолдануға тырысады.

- Мектептегі пән бірлестіктерін тәжірибелі ұстаздар басқарады. Білім берудің қай түрі болса да негізінен сабақ арқылы жүзеге асады. Жас мамандармен арнайы тәлімгерлер жұмыс атқарады. Сондықтан ұстаздардың сабақты дұрыс ұйымдастырып, жүйелі жүргізу жағына өз басым мән береміз. Педагогикалық еңбек үнемі шығармашылық ізденісті, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік жағынан өз деңгейін жетілдіруді талап етеді. Сондықтан да тәжірбиесі аз мұғалімдерге дер кезінде көмек беріп, таланттарын ұштау, әдістемелік шеберліктерін жетілдіру, сабақ барысында әдіс-тәсілдерді насихаттау, олардың ізденуіне мүмкіндік туғызу – мектептің көздеген басты мақсаты. Мектеп оқушылары жыл сайын аудандық, облыстық мәдени-бұқаралық іс-шараларға белсенді түрде қатысады, - дейді директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сабыр Сәрсімов.

«Ұстаздан шәкірт озар» демекші, ауыл мектебінің оқушылары көптеген олимпиадалар мен байқауларда топ жарып жүр. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ботагөз Шәріпованың айтуынша, әр пән мұғалімі бейіміне қарай дарынды балаларды анықтап, олардың шыңдап келеді.

- Өткен оқу жылына тоқталсақ, мектеп оқушылары жетпістен астам байқаулар мен спорттық іс-шараларда бақтарын сынаған. Мәселен, Шыңғыс Сәрсімов «Тарих ата» республикалық олимпиадасына қатысып, 1-ші орынды жеңіп алды. Ораз Жанниет «Мағжан таңбасы» облыстық жас өлкетанушылар байқауында топ жарып, дипломмен марапатталды. Асланбек Айтқожин «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанды. Осы аталған балалар «Ғарыш кеңістігі» облыстық байқауында 1-ші орын алса, Гүлсезім Дәуренбек пен Мұхамед Нағметолла 2-ші орындарды иеленді. Мағжан Жұмабаевтың 130-жылдығына арналған «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» қолданбалы қолөнер және суреттер аудандық байқауында технология пәнінің мұғалімі Қанат Исеков дипломмен марапатталды. Ағылшын пәнінің мұғалімі Гүлшат Сәрсімова үштілді меңгерген жастар арасында «Тіл әлемі» байқауында топ жарып, мәнерлеп оқу сайысында жүлделі 2-ші орыннан көрінді. Сонымен қатар, оқушылар ауданда деңгейде өткен Ғабит Мүсіреповтың 120-жылдық мерейтойына арналған «Сұлу сөздің зергері», «Дауылпаз баба – Қожаберген», «Шал ақын оқулары», «Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы», «Абай оқулары», «Мағжан таңбасы», «Мағжан оқулары», «Алаштың айбынды ұлы - Мағжан», «Математик Кенгуру», «Тіл әлемі», «Алтын Тұғыр», «Менім Отаным», Жас журналист» байқауларында және «Ақбота» зияткерлік ойынында, «Кемел ұрпақ» математикалық турнирінде, «Озат тәрбиеші» аймақтық олимпиадасында, «Оқуға құштар» жобасы аясында кітап сөресінде жеңімпаз және жүлдегерлер атанып, кейбіреуі арнайы сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ оқушылар үстел теннисі, тоғыз құмалақ, қысқы көпсайыс, асы ату сияқты спорт түрлерінен жеңімпаз бен жүлдегер атанды. Ұлағатты ұстаздарымыз Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Құрмет грамотасымен, Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының және Мағжан Жұмабаев ауданы білім бөлімінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды, - дейді Ботагөз Ермешқызы.

Еліміздің солтүстігіндегі аққайыңдар баурайында орналасқан Қызыл Қазақстан орталау мектебінде еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымының бойынан бүгінгі таңда ұлтымызға аса қажет болып отырған ұлтжанды, іскерлік қасиеттерді аңғарып, көңіліміз көтеріліп қалды. Жақсы адамдармен сыр-сұхбат құру да бір ғанибет қой. Істің жөнін білетіні, білімдарлығы мен ой-өрісінің кеңдігі, өз жұмыс саласында айтарлықтай тәжірибесі бар қарапайым ұстаздан директорлыққа дейін көтеріліп, осы қызметте абырой-беделімен танылған Жанар Нөгербекқызы сынды абзал мектеп басшысының жетекшілігімен жас ұрпақты нағыз елін сүйер ұлан болуға баулып жатқан бұл ауыл мектебінің алда да айы оңынан туа берерріне сеніміміз мол. Қай ауылға бара қалсаң да менмұндалап тұратын қасиетті шаңырақ ол – ауыл мектебі саналады. Осындай берекесі ұйыған салиқалы ауыл мектебі туралы, көңіліміз тоғайғанын да айта кетуіміз керек.

Осы ретте ауыл мектебінің күнделікті тіршілігіне қамқоршылық кеңес пен ата-аналар белсене араласып, зор қолдау жасап отырғаны дәстүрге айналған дүние. Ауыл жұртшылығы мектепте өткен әрбір іс-шараның жанынан табылып, оқушылардың жан-жақты дамуына, аудандық, облыстық жарыстарға шығуына өз үлестерін қосып, мектеп тынысына етене араласады. Ұстаздар қауымы мен ата-аналар арасында осындай тығыз байланыс орнағаны ел болашағы – жастардың емін-еркін білім алып, елеулі додаларда мүмкіндіктерін сынауға жол ашып отыр. Бұл игі дәстүр одан әрі де жалғаса беретіні де айдан анық.

Сөз соңында алдағы уақытта да талай игі істердің куәсі болып, қарапайым ауылда тәрбиелі де білімді ұрпақ тәрбиелейтіндеріңізге сеніміміз мол. Бұл істе ауыл мектебі ұжымындағы мұғалімдердің білімі мен күш-қайраты жететіні сөзсіз. Аудан орталығынан шалғай орналасқан бұл білім ордасының бүгінгі тыныс тіршілігі, міне, осындай. Ауыл мектебінің ұстаздар қауымына білімнің шырағын жағып, шәкірттеріңізбен биіктен көріне беріңіздер демекпіз.

Қазақ халқының тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин «Қазақтардың білімге қолын жеткізетін ең басты құралы - мектеп»... тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты» деген сөзін есімізге түсірсек , ертеңгі ауылды гүлдендірудің негізгі кілті - мектеп екені анық. Ендеше, осы сәтті пайдалана отырып, әр кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі бола білетін барша мағжандық ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, денсаулық, бақыт, молшылық, шығармашылық табыс пен өмірдің барлық жақсылықтарын тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

# ТӨЛ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!

***ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚ ҰСТАЗДАР!***

*Ұстаздар күні — бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке десек артық айтқандық болмас. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған, сондықтан болар осы абыройлы міндетті атқарып жүргендерді халқымыз әрқашан ерекше құрмет тұтқан. Ұстаздың әр адамның жүрегінен алатын орны айрықша, қолына қалам ұстатып, алғаш әліппені үйреткен мұғалімін жылылықпен еске алмайтындар кемде кем болар.*

*«Ұстаз» сөзінің өзі «Отан», «Ар», «Адамгершілік» сияқты қасиетті ұғымдардың қатарынан орын тебуінің өзінде үлкен мән жатыр.*

*Қазақстанның алдында бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан көріну міндеті тұр. Бұл өз кезегінде ұстаздардың мойнына екі есе жауапкершілік жүктейді. Себебі, ертеңгі күннің қоғамдық-саяси, экономикалық мәселелерін шеше білетін білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу сіздердің қолдарыңызда, құрметті ұстаздар! Білім берудің күрделі міндеттерін рухани бай, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға ғана шеше алады. Сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін! «Ұстаз бақыты - озып туған шәкірті» десе, аттарыңызды Ай-әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін!*

*Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер, саламатты денсаулық және білім мен ғылымды игеруде ілгері ізденісте болуларыңызды тілеймін.*

**Талғат ҚАРАБАЕВ,**
**аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы.**



# ӨЗ ІСІНІҢ КӘСІБИ МАМАНЫ

Бүгін біз ұлағатты ұстаз, 2001 жылдан бастап Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте қызмет етіп келе жатқан математика пәнінің мұғалімі Ұлжан Рамазанқызы Дүйсембаева туралы айтуды жөн санап отырмыз.

Ұлжан Рамазанқызы - өз ісінің кәсіби маманы. Әр жұмысқа өте тыңғылықты әрі жауапты қарайтын ұстаз үнемі өз біліктілігі мен білімін арттырудан жалықпайды.

Күнделікті сабақтарын түрлендіріп, сабақтарында теориялық білімін толықтай қолдана алады. Оқушыларын жылда түрлі аудандық, облыстық, олимпиадаларға қатыстырып жүлделі орындарға қол жеткізіп жүр. Сабақ жоспарын нәтижеге қол жеткізетіндей жоспарлауды әдетке айналдырған кәсіби маман математикалық есептер мәселесін шешу мақсатында сабақтың мақсаты мен мазмұнына қарай түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады, жеке тапсырмалар, өзара бақылаудың әр түрлерін қолданады.

Ұлжан Дүйсембаева кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады. Ұжымда сыйлы. Мінезі ашық, ұстамды әрі орнықты. Өзін кез келген ортада бірқалыпты ұстай алатын ұстаз өзінің әріптестерін үнемі қолдап, ой бөлісуге даяр тұрады. Білім ошағында ашық сабақтар өткізіп, жарыстар мен сайыстарға шәкірттерін қатыстырып, шыңдауды мақсат тұтатын өз ісінің жанашыры оқушыларға заманауи білім мен тәрбие беруге атсалысып келеді. Оның оқушылары - әрқашан белсенді, өз ойын ашық айта алатын, тұлға ретінде қалыптасып жатқан шәкірттер. Мәселен, мұғалім мен оқушыларының жетістіктерін саралап өтсек, 2021 жылы «Табыс формуласы» атты математика пәні мұғалімдеріне арналған халықаралық олимпиада жүлделі 3-ші орынды жеңіп алды. Ал 2019 жылы оның оқушысы Әділбек Кихмат «IQanat» респуликалық олимпиаданың 2-ші кезеңінің жеңімпазы атанды. 2021 жылы математика пәні бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Диас Қасенов 1-ші орынды иеленді. 2022 жылы «Ғылым бастауында» атты 7-9 сынып оқушылар арасында ЖМБ пәндері бойынша аудандық олимпиадада Ерғали Абабаев жеңімпаз болып танылса, 2023 жылы Сая Шынтемірова «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында 3-ші орыннан көрінді. 2023 жылы 10-11 сынып оқушыларына арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде Сұлтан Халел 3-ші орынды қанжығасына байлады. Әрине, барлығын тізіп өту мүмкін емес, дегенмен бұдан басқа да әр жылдары оның оқушылары жетістіктерімен қуантып, әртүрлі додалардан үнемі жүлдемен оралып жүр.

Ерге жүк, елге сын болған заманда, нәзік жүрегімен ұстаз деген ұлы есімді арқалаған жанның ең жоғарғы алғыс пен марапатқа лайық екені рас.

**Жанар БҰХАРБАЕВА,**
**директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**
**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.**

# ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ ІЗЕТ КӨРСЕТУДЕН ШАРШАМАҒАН ҰСТАЗ

«Әйел деген әдемі ғой, әдемі, Әдемілік бізге көптік етпейді» деп Мұқағали атамыз жырлағандай, әлемнің бар асылына тең нәзік жанды қазақ арулары сол әдемілікпен қоса батырлығымен және батылдығымен атағы алысқа тараған. Тарихқа көз жүгіртсек, Томирис патшайымның ерлігі, бертіндегі Әлия мен Мәншүк, одан да бері Ләззат пен Сәбираға дейінгі де талай батыр қыздардың ерлігі ұрпаққа аңыз. Өмірде бұндай ақылды әйелдер қазақта көп болған, әлі де баршылық. Қазақ атам ақылды әйелді – Алланың керемет сыйына теңейді.

Осы орайда қазақтың тағы бір қайсар қызы Пазылбекова Нұргүл Бәлілқызы туралы айтқымыз келеді. Нүргүл Біләлқызы қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы Арыс ауылында 1977 жылы 11 тамызда көп балалы отбасында дүниеге келген. Басты арманы «Ұстаз жолы — ұлы жол» демекші, оқушыларға жан-жақты сапалы білім, саналы тәрбие беру менің міндетім деп санаған. Ұстаз болу - бала кезінен арманы болған екен. Сол кезден-ақ ұстаз – мектептің айнасы, бәйтерегі екендігін жете түсінген және көп жылдардан бері мектеп саласында қызмет атқарып келеді.

2019 жылдан бастап көші-қон бағдарламасымен Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауыл округі Бинаш ауылына көшіп келіп, осы ауылға қоныстанған. Қазіргі таңда Бинаш орталау мектебінде бастауыш сынып пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. Үнемі ізденіс жолында жүретін ұстаз. Заман ағымынан қалғысы келмейді. Бинаш ауылында қазіргі таңда көшелеріне тас жол төселіп, әрбір үйге су кіргізілуіне өзіндік үлесін тигізген жан. Азаматтық ұстанымымен, ауылдастарының мәселелерін билікке жеткізе алатын қайсар жан. Жастайынан еңбек сүйгіш, еңбекқор, бейнеткер.

Нұргүл Біләлқызы өзінің өмірлік тәжірбиесінде ақылды адам адасқандарды ақылмен түсіндіріп, олармен бірге тізе қосып, тірлікті бірге атқаруды көздейді. Келеңсіздік кездесе, көңілін түсірмеуге тырысады. Қайғы көрсе, сынып кетпей, қиянат көрсе, құламай, қайта тұрып кететін қасиетке ие болған әйел – шынымен де мықты, шынымен де бақытты әйел деп есептейді. Жаратылысы шапағатқа толы нәзік жандылар мейіріммен ойлайды, мейіріммен сөйлеп, мейіріммен өмір бойы айналасына шапағатын сыйлайды. Жан жүрегінің жылуы жүзінен, жүрегінен төгіліп тұрады. Сондықтан да мұндай ақылды әйел әр ұлтқа, әр отбасына, әрбір ер адамға берілген Алланың керемет сыйы!

Нұргүл Пазылбекованың ұстаз ретінде шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым құрметті тұлға ретінде ерекшеленеді. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хакім айтпақшы, әрбір ісіңіз жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтаңыз.



**Нұрлан СЫНАБЕК,**
**директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**
**Бинаш орталау мектебі.**

# «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» - ЖАС ҰСТАЗҒА ЗОР МҮМКІНДІК




Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз тәрбиесі мен өнегесі шәкірттің болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Осындай білікті де білімді ұстаздарымыз өз уақыттарын аямай, шәкірттерімізге білім нәрін беріп келе жатыр. Шәкірттерге әрбір өміріне бағыт бағдар беріп, тәлім-тәрбие берген ұстаздардың бірі - Сарытомар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Әйтимова Сәуле Серікқызы. Ол өте тәжірибелі де білікті маман.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару - екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ал, осы ұстаздың білім нәрімен сусындаған шәкірті, яғни мектеп табалдырығын аттағаннан бастап Сарытомар орта мектебінде білім алған шәкірті Сәрсенбаева Гүлжанар Мақсұтқызы еді. Ол төрт жыл бұрын Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне химия және биология мамандығы бойынша грантқа оқуға түсіп, биыл қолына диплом алып, өзі оқыған білім ордасына химия және биология пәні мұғалімі ретінде келіп отыр.

«Дипломмен ауылға» жобасы аясында жұмысқа орналасқан жас маман болашақта шәкірттің жүрегіне жол таба білген ұлағатты ұстаз болатынына сеніміміз мол. Өйткені «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дейді ғой. Гүлжанар Мақсұтқызы өте дарынды әрі заманауи педагог. Жаңа оқу жылы басталғалы оқушылармен бірден тез тіл тауып, төрт жыл бойы шыңдаған білімін тәжірибе жүзінде іске асырып келеді. Сабақтарын қызықты өткізіге тырысатын әрі жаңа әдістемелерді орынды қолданатын жас ұстазымыздан үлкен үміт күтеміз.

Ендеше, еңбек жолын енді бастап жатқан жас маманға шығармашылық табыс тілеп, өмірі мен еңбек жолы баянды, болашағы жарқын болсын деп тілейміз.

**Мерей ӘБІЛҚАЙЫРОВА,**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**
**Сарытомар орта мектебі.**

9 ҚАЗАН - ПОШТА КҮНІ

# «ҚАЗПОШТА» – ҚАЛА МЕН АУЫЛДЫ ЖАЛҒАП ТҰРҒАН КӨПІР

**Еліміздегі пошта қызметі саласындағы ең ірі компания – «Қазпошта» АҚ өзгерістер мен жаңару кезеңін бастан өткеріп жатыр. Қалың қазақтың мол шоғырланған ортасы ауылда пошта және қаржылық қызмет көрсететін жалғыз компания да осы – «Қазпошта». Сондықтан, бұл компанияның әр басқан қадамы тұтынушылар назарында болатыны жасырын емес. Бәрімізге белгілі, ауылдық жерлерде «Қазпоштадан» басқа пошталық, курьерлік компаниялар мен банктер қаржылық әрі пошталық қызмет көрсетпейді. Ауыл үшін зейнетақы мен жәрдемақы беретін орталық, газет-журнал жеткізуші, хат-хабар, сәлемдеме жіберу-алуда «Қазпошта» – қала мен ауылды жалғап тұрған көпір.**




Бүгінгідей ақпараттық технология дамыған заманда пошташының жолына қарап, хат күтетін кезеңдер артта қалды. Бір қарағанда пошта қызметінің маңыздылығы азая түскендей. Алайда, халық әлі де бұл қызмет түріне жүгінеді. Поштаға барады, сәлемдемесін салады, басқа да көптеген қызметті алады. Өйткені, пошта байланыс торабы заман өзгеріп, талап күшейген сайын соған сай жаңаруда. Бүгінгі біз «Қазпошта» АҚ Мағжан Жұмабаев аудандық пошта байланыс торабының Возвышен ауылындағы бөлімшесі туралы әңгіме өрбітпекпіз.

Пошта бөлімшесін 2018 жылдан бері Мәдина Әшімова басқарады. Ол осы Возвышенка ауылының тумасы. Бар саналы ғұмырын туған жеріне арналған Мәдина Бақытбекқызы асыл жар, үш баланың анасы. Оның айтуынша, пошта қызметі ауылдықтар арасында үлкен сұранысқа ие.

- «Қазпошта» компаниясы қызмет көрсетудің көптеген түрлерін жүзеге асырады. Мәселен, мен бөлімше арқылы жай жазбаша хат-хабарлар жолдау, басқа да пошталық жөнелтілімдерді тасымалдау, ақша аудару, зейнетақы мен жәрдемақыларды беру, қаржылық операциялар, тауарлар тасымалы, төлемдер, салық аударымдарын қабылдау, жазылым бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын тарату, «Хоум Кредит» несиесін рәсімдеу және де банктік қызметтің кейбір түрлері мен басқа қызметтерді жүзеге асырамыз, - дейді Мәдина Әшімова.

Возвышен пошта бөлімшесі қазіргі заманға сай компьютерлік техникамен, жиһазбен және тағы да басқа құрал-саймандармен жабдықталған. Мұнда екі қызметкер еңбек етеді. Оның бірі - Күлзия Мұқанова болса, екіншісі Кристина Ачетырова. Екеуі де 2017 жылы поштаға қызметке кіріспі, бүгінгі күнге дейін табыс еңбек етіп келеді.

Арнайы табыс етілген көк сөмкені иығына асып алып, қол арбашаға толы газеттерді таратып жүретін пошташыларды ауылдықтардың бәрі жақсы біледі. Өз ісіне адал пошта қызметкерлері бір күнде жүздеген үйді аралап, хат-хабар таратады. Өйткені Возвышенка бұрынғы аудан орталығы, халқы да қазір тығыз, екі мыңға жуық дам тұрады.

Пошта қызметінің басты бір бағыты – басылымдарға жазылымды жүргізу және жеткізіп беру дер едік. Сондықтан осы сәтті пайлана отырып, қазіргі уақытта тұрғындардың газет-журналдарға, оның ішінде аудандық «Мағжан жұлдызы» мен «Вести» газеттеріне деген қызығушылығы, көзқарасы қандай екенін және төл мереке күні әріптестеріне не тілейтінін «Қазпошта» АҚ Мағжан Жұмабаев аудандық пошта байланыс торабының басшысы Жанат Самаратовтан сұрап білуді жөн көрдік.

– Ақпараттық технология дамыған заман дегенімізбен ауылдық жерде барлық үйде интернет бар деп айта алмаймыз. Әрі интернеттегі алып ақпарат әлемінен керегімізді табу да, ондағы жазылғандардың бәріне сену де қиын. Сондықтан да, қағаз басылымдар бүгінгі күні де өз маңызын, рөлін жойған жоқ. Әсіресе, ауданның өмірі, экономикалық жағдайы, басқа да жаңалықтар туралы жазатын аудандық газет тұрғындарға аса қажет. Мұнда мемлекеттік қызмет түрлері, оны алу үшін қандай құжаттардың керек екендігі және қай жерде не сатылады, кімге қандай жұмыс бар, жалпы аудан тұрғындарына қажетті дүниелердің бәрі жазылады. Ол ақпараттарды ел білуі қажет. Аудандық редакциямен тығыз байланыста қызмет атқаратындықтан біз өз тарапымыздан газетті насихаттаймыз. Аудандық «Қазпошта» бөлімінде каталог бойынша жүздеген газет-журналдар ұсынылады. Солардың қай-қайсысына жазылса да тұрғындарға уақытылы жеткізіледі.

Ал кәсіби мереке тұсында пошта саласында бұрын қызмет еткен ардагерлерді, қазіргі таңда еңбек етіп жатқан әріптестерді шын жүректен құттықтаймын. Оларға сапалы қызметі, табысты еңбектері үшін өз алғысымды білдіремін. Денсаулығы мықты, өмірлері нұрлы болып, отбасыларына әрдайым бақыт-береке орнасын, - дейді Жанат Секенұлы әріптестеріне ізгі тілегін арнап.

Ал біз 9-қазан тек пошта күні емес, жазылушылар да күні екенін еске саламыз. Осыған орай, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына барлық газет-журналдарға жазылу науқанының басталатындығын хабарлаймыз.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

СПОРТ

# МАҒЖАНДЫҚТАР ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНЕН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ




Өзбекстанның Хиуа қаласында 7-12 қыркүйек күндері гір көтеру спортынан әлем чемпионаты өтті. 25 елден 650 жуық спортшы қатысқан тартысқа толы өткен бәсекеде еліміздің намысын қорғаған атлеттер арасында Мағжан Жұмабаев ауданының спортшылары да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Біздің облыстың құрамында бағын сынаған спортшылар әр түрлі жас топтарында, салмақ дәрежелерінде және ұзақ циклды көтеру, жұлқа және серпе көтеру, қоссайыс және ұзақ цикл бойынша командалық эстафета сияқты санаттарда лайықты өнер көрсетті. Солардың ішінде мағжандық спортшылар сәтті өнер көрсеткенін мақтанышпен жеткіземіз.

Сонымен, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ауыр атлетикадан еңбек сіңірген жаттықтырушы, гір спортынан екі дүркін Әлем чемпионы, Азияның бес дүркін чемпионы Ерік Әлібаев 60-64 жас аралығындағы ардагерлер арасында 85 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, жұлқа және серпе көтеруден 2-ші орынды жеңіп алып, Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері атанды.

Ал жастар арасында Иван Лысенко 63 келіге дейінгі салмақта және Святослав Гаманко 73 келіге дейінгі салмақта 3-ші орынды иеленіп, Әлем біріншілігінің қола жүлдегері атанды.

Әлемдік додаға «Александровское» ЖШС басшысы Вячеслав Чернышов демеушілік жасап, спортшыларға қолдау көрсеткенін атап өткен жөн.

Жарыстардың қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Өзбекстан «алтын» алса, Қазақстан «күміс», ал ресейліктер «қола» жүлдеге қол жеткізді.

6 ҚАЗАН – ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ!

# ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМ




***6 қазан – Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлерінің күні! Бұл мереке 2016 жылы Президент Жарлығымен Қорғаныс және аэроғарыш өндірісі министрлігі құрылғаннан кейін ресми түрде бекітілді.***

Тарихқа жүгінсек, Қазақстанда қорғаныс өнеркәсібі кеңестік кезеңде құрылған. Республика аумағында қарулы күштердің көптеген саласына қарулар мен түрлі жабдықтар дайындайтын қорғаныс өнеркәсібіне қарасты 50 шақты кәсіпорын орналасқан болатын. Аталған саланың ірі орталықтары Алматы, Петропавл, Орал және Өскемен қалаларында шоғырланды. Мұнан бөлек, Семей жеріндегі сынақ алаңы мен бірқатар комбинаттар ядролық қару өндірісінде маңызды орын алды. Ал Қызылорда облысында әлемдегі ең алғашқы ғарыш кешені – Байқоңыр айлағы орналасты.

Одақ тараған жылдары Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібі саласы біраз тоқырауға ұшырады. Бұл Кеңес Одағының жоспарлы экономикасының салдары еді. Әскери-теңіз флоты үшін құрал-жабдықтар шығарып келген қазақстандық кәсіпорындардың өнімдерін өткізу мүмкіндігі болмады. Өз елімізде оларға сұраныс болған жоқ, ал дайын өнімдерді басқа елдерге сата алмады. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның алдында еліміздің қорғаныс өндірісін қайта құру міндеті тұрды.

Қазақстанда бұл саланы дамыту үшін қорғаныс өндірісі кәсіпорындарының жұмы-сын үйлестірумен айналысатын «КЕМПО» (Қазақстан қорғаныс кешенінің электро-техникалық және машина жасау кәсіпорындарының мемлекеттік корпорациясы) корпорациясы құрылды. Бұл құрылым 2005 жылға дейін жұмыс істеді. Қазір қор-ғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің (ҚӨК) орталық ядросы ретінде 2003 жылы құрылған және жиырмадан астам машина жасау кәсіпорындарын топтастырған «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы жұмыс жүргізіп келеді.

2016 жылы 6 қазанда Қазақстан Үкіметінің құрылымында қорғаныс және аэро-ғарыштық өндіріс министрлігі пайда болды. Бұл дата сондай-ақ қорғаныс өндірісі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілді. Аталған министрліктің қорғаныс өндірісі саласындағы міндеттері мен өкілеттілігі 2019 жылы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ауыстырылғанмен де, мереке күні өзгертілген жоқ.

Бүгінде еліміздің қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеніне 8 мыңнан аса жұмыс орнын қамтамасыз етіп отырған 40-тан астам кәсіпорын кіреді. Еліміздің қорғаныс өнеркәсібін дамытудағы басым бағыт – 3D секілді жаңа технологияларды, ақпараттық технологиялар мен композиттік материалдарды пайдалана отырып, жоғары технологиялық әскери техника мен қару түрлерін шығару және енгізу.

Қазақстанның қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеніне қарасты кәсіпорындар жыл сайын халықаралық «Армия» форумына қатысып, экспорттық потенциалға ие өнімдерін – қарулар мен әскери техниканың жаңа түрлерін таныстырып келеді. Соңғы өткен форумда еліміздің кәсіпорындары 120-дан жаңа үлгілердің тұсау-кесерін жасады. Мысалға, «КАЭ» ЖШС-на қарасты электронды-оптикалық өнімдер шығаратын зауыт тепловизиялық приборлар мен радиобайланыс құралдарына арналған инфрақызыл линзалар апарса, Киров атындағы зауыт полигонға арналған универсалды қондырғылардың жаңа түрлерін, «Семей инжиниринг» кәсіпорны Т-72 танкі және БМП мен БТР-80 техникалары базасына орнатылған танктерге қарсы қолданылатын модернизацияланған және конверсиялық техникалар, сондай-ақ жөндеу-эвакуациялық және барлау-бақылау машиналары макеттерін ұсынды. Ал «Тыныс» АҚ авиация өндірісіне арналған жабдықтар мен жаяу әскерлерге арналған бронжилет, шлем, қорғаныс плиталары секілді өнімдерді көрсетті.

Еліміздің қорғаныс кәсіпорындары ұжымдарының үйлесімді жұмыстары мамандардың бірнеше буынының ой-санасындағы ғылыми және конструкторлық бірегей жетістіктерді сақтауға және арттыруға мүмкіндік туғызып келеді. Қазақстанның қорғаныс қабілеті мен күш-қуатын және ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға атсалысып жүрген барлық білікті мамандар – инженерлер мен конструкторлар және зауыт жұмысшылары мен ардагерлері мақтан тұтуға әбден лайық.

ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

# ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Петропавл станциясындағы ЖПб қызметкерлері білім беру мекемелерінің оқушыларымен және студенттерімен, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру мақсатында кездесулер өткізіп тұрады.

Кеше Булаев станциясындағы ЖПб бастығы, полиция аға лейтенанты Әлімжан Әліппаев және Петропавл ст. ЖПб есірткі қылмысына қарсы іс қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Жарқын Макажанов жалпы білім беретін №2 Булаев орта мектебінің 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында олар жиналғандарды отбасылық-тұрмыстық қатынастар және көліктегі қауіпсіздік саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етті. Сонымен бірге олар жиналғандарға оқу орындарындағы қорқыту, қоқан-лоқы көрсету тақырыптарын, есірткі қылмысының алдын алу және профилактикасы жайында, лудомания мәселелерін, сондай-ақ киберқылмыспен күрес мәселелерін қозғады.

Ішкі істер министрлігі қоғаммен серіктестікте әзірлеген 2024-2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ішкі істер органдарындағы қызметтің артықшылықтары туралы айтып, болашақта полиция саласында қызмет қылам деушілерге, оқуға түсу бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарға тиянақты, толыққанды жауаптарын алды.

**Булаев ст. ЖПб.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАДЫ



СҚО Полиция департаменті Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі орта, орта-арнайы және жоғары (заңгерлік) білімі бар 35 жасқа дейінгі үміткерлерді ішкі істер органдарына қызметке қабылдайды.

Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:

- жұмыс берушінің есебінен бастапқы оқыту және біліктілігін арттыру;
- қызмет өтілі мен арнайы атағына байланысты лауазымдық жалақы мөлшерінің ұлғаюымен тұрақты және уақтылы жалақы;
- сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;
- тұрғын үй төлемдері;
- ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
- арнаулы атағына байланысты 48 жастан зейнеткерлікке шығу.

Қызметке тұру сұрақтары бойынша Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 52 үй, «Кадр саясаты тобы» 33 кабинетке келуге болады. Анықтама телефондары: 2-00-44, 2-18-08, 8-775-171-76-65.

# ӘСКЕРИ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ!

Келісімшарт бойынша әскери қызмет- бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ғана емес, бұл әскери қызметшінің өзін де, оның отбасы мүшелерін де әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін кәсіби өсу перспективаларын беретін беделді жұмыс.

ҚР ҚМ "54179 әскери бөлімі" РММ (Алматы облысы, Г.А. Қонаев, Шеңгелді а/о, Шеңгелді а., 257,6 Есептік тоқсан) келесі санаттар үшін сержанттар мен сарбаздар құрамының әскери лауазымдарына келісімшарт бойынша азаматтарды әскери қызметке қабылдауды жүргізеді:



1. маман (жүргізуші-электрик), қатардағы жауынгер;
2. маман (механик), қатардағы жауынгер;
3. маман (оператор), қатардағы жауынгер;
4. маман (жүргізуші), қатардағы жауынгер;
5. маман (радио операторы), қатардағы жауынгер;
6. аға маман (аға оператор), ефрейтор;
7. аға маман (аға аспаз), ефрейтор;
8. маман (электрик-аккумулятор), қатардағы жауынгер;
9. маман (токарь), қатардағы жауынгер;
10. маман (дәнекерлеуші - вулканизаторшы), қатардағы жауынгер;
11. маман (жүргізуші - краншы), қатардағы жауынгер;
12. сарбаз (атқыш), қатардағы жауынгер;

Анықтама алу үшін 2-01-25 телефоны бойынша хабарласуға болады.

**Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.**

ҚАЗПОШТА ХАБАРЛАЙДЫ

# ҚҰРМЕТТІ ЖАЗЫЛУШЫЛАР!



«Казпошта» АҚ Мағжан Жұмабаев аудандық почта бөлімі 2023 жылдың 9 қазанында сағат 10:00 де Булаев қ., Привокзальная к-сі, 7 мекенжайындағы операциялық залда «Казпошта» АҚ-ның 30 жылдығына орай «Жазылушылар күні» өткізілетін болады. Сіздерді біздің іс-шараға қатысуға шақырамыз!

Жазылым басылымдарына жазылуды рәсімдеген ең белсенді жазылушыларды бұл күні естелік сыйлықтар күтеді.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АӘК: ТӨЛЕМДЕРГЕ НЕ ҚОСА БЕРІЛЕДІ



Егер 2023 жылдың отбасының табысы бір адамға айына 35 789 теңгеден аз болса, онда мұндай отбасы осы отбасының барлық мүшелері үшін АӘК алуға өтініш бере алады. АӘК отбасының әрбір мүшесіне табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% - ынан төмен адамдарға тағайындалады: бұл шаманы (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%) «кедейлік шегі» деп атайды. АӘК мөлшері жеке есептеледі. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері кедейлік шегі мен отбасының жан басына шаққандағы табысы арасындағы айырманы құрайды, яғни отбасының орташа табысын бір адамға 36 789 теңгеден алу қажет болады. Кейде отбасының әрбір мүшесіне АӘК 1000 теңгеден, 20 теңгеден, тіпті 1 теңгеден келеді.

**АӘК НЕШЕ АЙҒА ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ?**

Атаулы әлеуметтік көмек-бұл бірнеше жыл қатарынан тұрақты төленетін жәрдемақы емес, уақытша төлемдер. АӘК 12 айға емес, тек тоқсанға тағайындалады. Кезең аяқталғаннан кейін есептеулер қайталанады. Бұл белгілі бір отбасына АӘК-ті одан әрі төлеу қажет пе екенін түсіну үшін қажет.

**КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН ҚАНДАЙ ТАБЫС ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ?**

Адамның (отбасының) кәсіпкерлік қызметтен түскен жиынтық кірісін есептеген кезде өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан, тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату құнының өсуінен түскен, шаруа (фермер) қожалығының қызметі нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүліктік пайлардан алынған кіріс ескеріледі, тәуелсіз қызметкерлердің қызметі нәтижесінде алынған кіріс ескеріледі, бұл ретте кіріс айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен емес ескеріледі. Адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан алған бір айдағы кірісі алдыңғы салық кезеңі үшін мәлімделген кірістің сомасын осындай салық кезеңіндегі айлар санына бөлу жолымен, бірақ айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен кем болмайтындай айқындалады. Жиынтық кіріс алынған шаманы не есепке жатқызу үшін белгіленген кіріс мөлшерін үш айға көбейту жолымен айқындалады. Бұл ретте патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер бойынша бір айдағы кіріс сомасы патенттің құнын есептеу кезінде мәлімделген кіріс сомасын осы есепте көрсетілген айлар санына бөлу жолымен, бірақ айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінен төмен болмайтындай айқындалады.

**ЕГЕР ОТБАСЫ АӘК АЛСА, 1 ЖАСТАН 6 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР НЕ ІСТЕЙ АЛАДЫ?**

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезеңінде мұндай балалардың 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем алуға құқығы бар, бұл 5 175 теңге.

**ӨТІНІШ БЕРГЕННЕН КЕЙІН АӘК ҚАШАН АЛУҒА БОЛАДЫ?**

АӘК өтініш берілген күнге қарамастан өтініш берілген айдан бастап тағайындалады. Мысалы, егер өтініш 20 ақпанда немесе айдың соңғы күнінде берілсе, онда төлем бүкіл ай үшін толық көлемде болады.

**АӘК ТӨЛЕУДЕН КІМ БАС ТАРТА АЛАДЫ?**

АӘК шартты ақшалай көмек және шартсыз көмек түрінде тағайындалады. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінің мөлшеріне тең не одан асатын отбасына АӘК тағайындаудан бас тартуы мүмкін. Егер отбасының еңбекке қабілетті мүшесі болса, шартты ақшалай көмек қажет. Отбасының еңбекке қабілетті мүшелері жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастырудың белсенді шараларына қатысудан бас тартқан отбасына не әлеуметтік келісімшарттың талаптары орындалмаған жағдайда шартты ақшалай көмек тағайындаудан бас тартуы мүмкін.

**ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК?**

Адам жеке өзінің немесе отбасының атынан мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына, ал ол болмаған жағдайда - кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді. Жүгінген кезде адамға консультация беріледі және барлық қажетті анықтамалық ақпарат беріледі, оның нәтижелері бойынша адам атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттарды береді.

Сондай-ақ, АӘК-ке ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы электрондық үкімет порталы (ЭҮП) арқылы өтінім беруге болады.

Барлық сұрақтар бойынша Сіз Мансап орталығына мына мекенжай бойынша хабарласа аласыз: Булаев қ., Мира к-сі, 8/А немесе телефон арқылы 2-81-54.

**Сәуле ЖАҚЫПОВА,**
**мансаптық орталықтың маманы.**

# 2023 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы айдың әр сейсенбісі және бейсенбісі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел. 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар селосы, тел. 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Ысқақова Бақытжан Нұрмұқанқызы апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Бөлім басшысының орынбасары Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел. 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Жүсіпов Жәлел Қыздарбекұлы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел. 2-51-21.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - **8(71531) 2-20-90.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ - **8(71531) 2-09-47.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-57-33.**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - **8(71531) 2-81-49.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-51-21.**

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 650

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады